

ранения необоснованных ограничений во взаимной торговле. Принятие технических регламентов ЕврАзЭС в иных целях не допускается. Стороны обеспечивают обращение продукции, соответствующей техническому регламенту ЕврАзЭС, на территории своих государств без применения дополнительных требований к продукции и процедурам оценки соответствия, кроме государственного надзора.

Международные, региональные и национальные стандарты, а также национальные технические регламенты могут полностью или частично использоваться в качестве основы для разработки технических регламентов ЕврАзЭС.

Каждая сторона вводит в действие технический регламент ЕврАзЭС в соответствии с законодательством своего государства и уведомляет секретариат Интеграционного комитета ЕврАзЭС о дате, с которой начинается применение такого регламента.

Вопросы создания единой таможенной территории Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации и формирования таможенного союза регламентированы «Договором о создании единой таможенной территории и формировании таможенного союза», ратифицированным законом Республики Казахстан от 24 июня 2008 года №44-IV «О ратификации «Договора о создании единой таможенной территории и формировании таможенного союза».

Одним из условий создания единой таможенной территории и формирования таможенного союза является введение в действие Таможенного кодекса таможенного союза (Кодекса), что обусловлено необходимостью установления и применения унифицированного порядка таможенного регулирования, включая единые правила декларирования товаров, уплаты таможенных платежей и единые таможенные режимы.

Решением Межгосударственного совета Евразийского экономического сообщества за №17 от 27 ноября 2009 года на уровне глав государств принят договор о Таможенном кодексе таможенного союза.

Түйін

Мақалада Кедендік одақтың техникалық реттеудегі маңызды қаулылық сұрақтары қозғалған.

Summary

The author touches upon important issues of technical regulation in the Customs Unity.

Г.М. Атаханова,

заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті (Алматы қ.)

МҮЛІКТІ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУДЫҢ ЖАЛПЫ АЛДЫН АЛУ ШАРАСЫ

Қоғамның қазіргі даму жағдайлары белгілі-бір әлеуметтік құбылыстар мен процестердің мәнін білдіретін ұғымдарды анықтаудың қалыптасқан тәсілдердің қайта қарастыруды талап етеді.

Ол ұзақ уақыт бойы қалыптасқан құрылысқа байланысты соңғы мақсаты қылмыстылықты ғана емес, оның себептерін де жою болып табылатын қызмет деп анықталды.

Әлемдік тәжірибе қылмыстылықты ұстап тұру, оны детерминдейтін процестерді бақылау туралы объективті түрде, кез-келген қоғамның даму мүмкіндіктері мен жағдайлары тұрғысынан айтылу керектігін көрсетеді. Көптеген мемлекеттер қазір бірінші кезекте жеке адамды, қоғамды және меншікті қылмыстық қастандықтардан қорғайтын арнайы жалпы сақтандыру шараларын алға шығарып, дәл осы жолды таңдап алып отыр. Барлық демократиялық мемлекеттердегі қылмыстылықтың қазіргі көрсеткіштері мен даму беталыстары бұл құбылыстың тіпті көп уақыттан кейін де жойылатындығы туралы айтудың құрғақ қиял екендігін көрсетіп отыр.

Объективті тәсіл байыпты бағалауды қажет етеді. Осыны ескере отырып, арнайы алдын алу мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық және басқа да мемлекеттік емес ұйымдардың, мекемелер мен олардың өкілдерінің оларды жоюға немесе әсерін бейтараптауға бағытталған іс-шараларды мақсатқа сәйкес жүзеге асыру деп анықтауға болады.

Ұсынылған қысқаша тұжырымның мазмұнын аша отырып, осы әрекет субъектілерін қарастырғанды жөн көрдім. Оларға мыналар жатады:

1. Өкілдік және атқарушы билік органдары.
2. Құқық қорғау органдары.

3. Билік пен басқару органдарының лауазымды тұлғалары.

4. Барлық меншік түріндегі кәсіпорындар әкімшіліктері.

5. Еңбек ұжымдары.

6. Құқық бұзушылықтармен күреске қатысатын қоғамдық ұйымдар мен ерікті азаматтар құрамалары.

7. Жеке меншік детективтік және күзет қызметі кәсіпорындары.

8. Бұқаралық ақпарат құралдары.

Жалпы алдын алу әрекеті субъектілерінің ұсынылған тізімі толық емес және оны басқа органдар, ұйымдар, мекемелер және оның өкілдері толықтыруы мүмкін [1, б. 117, 118].

Жалпы алдын алу объектілеріне мыналар жатады:

1. Қылмыстылық, оның түрлері және қылмыстар топтары.

2. Қылмыстылықтың, оның түрлерінің және қылмыстар топтарының себептері.

3. Қылмыстардың жасалуына түрткі болатын немесе оларды жеңілдететін жағдайлар, себептер, басқа да факторлар.

4. Криминогенді халық топтары.

5. Виктимогенді (қылмыстың құрбандары болу қауіпіне оңай шалдығатын) халық топтары.

Қазіргі жағдайларда жалпы алдын алу объективті мақсаттары қылмыстылықтың жағымсыз даму беталыстарын ұстап тұру, оның ең ауыр түрлерінің қоғамдық қауіптілігін төмендету, қылмыстардың жеке түрлері мен топтарын азайту болып табылады.

Қылмыстылықтың жалпы алдын алу шаралары қазіргі жағдайлармен шынайы өмір мәжбүр еткен тиісті талаптарға сәйкес болу керек. Олардың ішінде, бірінші кезекте мыналарды атаған жөн:

–реалийлерге барабар осындай шараларды жүзеге асыруға мұқтаждықты да, тиісті субъектілердің оларды орындау бойынша мүмкіндіктерін көрсететін әділдік;

–әртүрлі жалпы алдын алу қызмет субъектілерінің күштерін міндетті түрде біріктіруді талап ететін толымдылық;

–криминологиялық жағдайға да, халық мүдделеріне де барынша сай келетін шаралардың жоспарлануын және орындалуын қамтамасыз ететін өзектілік;

–кадрлық, қаржылық, материалдық шығындарды аз жұмсап жоғары көп нәтижеге қол жеткізуге жағдай туғызатын оңтайлылық (тиімділік);

–көптеген міндеттердің ішінен басты және анықтаушы міндеттің – жалпы мемлекеттік мүдделердің ведомстволық міндеттерден басымдылығының таңдап алынуын қамтамасыз ететін артықтық.

Қазіргі жағдайларда қылмыстардың жалпы алдын алу шараларын жүзеге асыру кезінде заңдылықты қамтамасыз ету талабы ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, себебі бұл арада сөз осы қызметтің құқықтық негізі туралы болып отыр.

Бұл мағынада Қазақстан Республикасы Конституциясының қосатын маңызы зор. Оның көптеген формаларының жалпы алдын алуды қоса алғанда, бүкіл ескерту қызметінің тиісті жолмен регламенттелуін қамтамасыз ететін заңды күші бар. Сонымен қатар, Қазақстан қабылдаған халықаралық құқықтық актілердің атқаратын рөлі маңызды. Қарастырылып жатқан тұрғыда ең алдымен Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын, Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі тәртібінің кодексін, Қылмыстар мен билікте асыра пайдалану құрбандарына арналған сот әділдігінің негізгі принциптер декларациясын, Қылмыстылықтың алдын алу және қылмыстық сот әділдігі саласындағы басты принциптер.

Тікелей қылмыстылықпен күресуге бағытталған заңдар мен басқа да нормативтік актілердің негізін қалаушы сипаттамасы бар (Қазақстан Республикасы «Полиция туралы», «Қазақстан Республикасы шұғыл-іздістіру қызметі туралы», «Қару туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Азаматтар құқықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті сақтау және қылмыстылықпен күресті күшейту туралы», «Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Жарлықтары және т.б.).

Жалпы алдын алудың ерекшелігі профилактикалық іс-шаралардың кең мекен жайлылығынан және дербестелмегендігінен құралады.

Жалпы алдын алу жалпы әлеуметтік ескертумен тығыз байланысады, себебі қылмыстардың себептері қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесінде негізін салған. Сонымен бірге, ПБ-ң қылмыстылықтың бүкіл себепті кешеніне әсер ету мүмкіндіктері шектеулі. Сол себептен ПБ-ң тәжірибелік қызметінде нақты қылмыстардың жасалуына түрткі болатын себептер мен жағдайларды жою шаралары басым болып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы «полиция туралы» Заңы, басқа да нормативтік актілер белгілеген ПБ толымдылығы ескеріле отырып, ПБ-ң жалпы профилактикалық қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатқызылған: билік құрылымдарын қылмыстардың анықталған себептері мен жағдайлары және оларды жою кезінде қолдануға болатын шаралар туралы мәлімдеу; қылмыстылықпен күресудің аймақтық және жергілікті бағдарламаларын жасауға және іске асыруға қатысу; қылмыстылық пен ПБ профилактикалық қызметі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру және зерттеу; құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жобалар мен шешімдердің криминологиялық сараптамасын жүргізу; халыққа құқықтық тәрбие беру, қылмыстық қастандықтардан қорғану мәселелері бойынша кеңес беру және т.б.

Қылмыстылық детерминанттарын, оның түрлері мен топтарын айқындау және талдау қылмыстардың жалпы профилактикасының қисынды және іс жүзінде бастапқы сәттері болып табылады. Қылмыстылықты туындататын себептерді, себептер әсерінің өрістеуіне көмектесетін объективті және субъективті жағдайларды білмей, қылмыстылыққа тиімді әсер ету мүмкін емес.

Қылмыстар себептері мен оларға түрткі болатын жағдайларды тұжырымдамалық талдау бұл құбылыстардың күрделі көп факторлық табиғаты туралы айтуға мүмкіндік береді. Олар әртүрлі аймақтардың өзіндік ерекшеліктерімен өзгереді, қоғамның әлеуметтік және құқықтық өміріндегі өзгерістермен қатар түрленеді. Сондықтан қылмыстылықтың себепті кешенінің барлық кезеңдер мен халықтар үшін жарамды әмбебап үлгіні құру ұмтылыстары тиімсіз болып табылады.

Қылмыстар себептері мен оларға түрткі болатын жағдайларды зерттеу кезінде басты әдістемелік талап қылмыстылықтың сапалық және сандық сипаттамаларының әлеуметтік ортаның жағдайларынан тәуелділігін ескеру болып табылады.

Сондықтан алғашқы кезеңде қылмыстылықпен ең тығыз байланысты әлеуметтік құбылыстар мен процестер шеңберін белгілеу қажет (топтық криминалдық сананың артуы, сыбайлас жемқорлық, құқық қорғау және құқық қолдану қызметінің тиімсіздігі, маскүнемдік, алкоголизм, нашарлық, белгілі-бір халық топтарының люмпенизациясы және маргинализациясы, қоғамның рухани өмірінің өзгеруі, кейбір халық топтары өкілдерінің невротизациясы мен психопатизациясы және т.б.).

Екінші кезеңде қылмыстардың криминогендік түрлерінің арасындағы қылмыстылықтың басым бөлігін анықтайтын (ұрлық, дене зақымдары, тонау, бұзақылық, қарақшылық шабуыл және т.б.) статистикалық және корреляциялық байланыстарды анықтау қажет.

Үшінші кезеңде ПБ қызметіне белгілі-бір дәрежеде тәуелді себептер мен жағдайлар анықталады (күзету шаралары жүйесі, қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру, нысандарды қорғаудың техникалық құралдары, халықтың құқықтық ақпараттылық деңгейі және т.б.). Талдау қызметінің үшінші кезеңі ПБ асыратын қылмыстардың жалпы алдын алудың мақсатты және нақты шараларын жасау үшін шынайы ақпараттық алғышарттарды құрады.

Қылмыстылық пен оның түрлерінің себептерін талдаудың нәтижесі олардың жою шараларын қабылдау немесе әсерін шектеу болып табылуы тиіс. Бұл бағыттағы ПБ қызметінің ерекшелігі – олардың бұл істегі мүмкіндіктерінің аса шектеулі болуы.

Ішкі істер органдарының қоғамдық және жеке меншікті қорғау жөніндегі жалпы профилактикалық қызметінің түрлері мен жоспарлары көп. Бұл қызметтің мәні белгілі-бір аумақта немесе нысанда қылмыстардың іске асырылуына объективті түрде кедергі болатын жағдайлардың жасалуында. Ішкі істер органдарының қолданылуында ол үшін ұйымдастыру, техникалық, ақпараттық және қоғамдық қауіпсіздік полициясы бөлімшелерінің күнделікті қызметінде ең белсенді түрде іске асырылатын басқа да шаралар бар.

Қоғамдық қауіпсіздік полициясы жалпы профилактикалық қызметтерін криминалдық жағдайды және көшелердегі, қоғамдық орындардағы және шағын тұрғын аудандардағы жағдайды талдаудың негізінде іске асырады. «Көше» қылмыстылығының ең көп таралған түрлері азаматтардың өміріне, денсаулығына және меншігіне қарсы қылмыстар болып табылады. Бұл қылмыстар категориясының алдын алу үшін әртүрлі әдістер мен құралдардың бүтіндей бір кешені қолданылады. Бұған ең алдымен, патрульдық-пост қызметін жүргізу кезінде жүзеге асырылатын қадағалау, тексеру және бақылау әдістерін жатқызуға болады. Жеделдік жағынан ең күрделі аудандар мен қалаларда жедел-іздістіру және қадағалау-профилактикалық операцияларды, сондай-ақ антиқоғамдық бағытты ұстанатын азаматтардың шоғырланатын жерлерін (мұндай азаматтардың жиналу ұялары, базарлар, коммерциялық сауда аймақтары, мейманханалар, жатақханалар) жиі тексеру режимін үздіксіз жүргізу қажет.

Қоғамдық қауіпсіздік полициясының жалпы профилактикалық қызметі үшін құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрамалар желісін қалпына келтіру және дамыту, полицияның тұрғындармен, қоғам белсенділерімен іскерлік байланыстарын орнату және нығайту, полиция қызметкерлерінің (ең

алдымен, учаскелік инспекторлардың) тұрғындар мен еңбек ұжымдарының алдында қылмыстылықпен күресу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша сөз сөйлеуін ұйымдастыру және өткізу.

Ең өзекті бағыттардың бірі (нарықтық қатынастарға көшуді ескере отырып) экономикалық қылмыстардың алдын алу бойынша жалпы профилактикалық жұмыс болып табылады. Бұл бағыттың криминалды полиция үшін маңызы зор. Мысалы, экономикалық қылмыстармен күресу жөніндегі бөлімшелер алдыңғы қатарлы шаруашылық салалардағы (несие-қаржылық, сыртқы экономикалық, әскери-өнеркәсіптік кешеннің конверсиясы, аграрлық өндіріс және т.б.) криминогендік процестердің дамуын талдайды да, соның негізінде оларды бейтараптау шараларын жасайды. Жария және жасырын жұмыс жүргізу әдістерін қолдана отырып, олар экономикалық қылмыстардың себептері мен жағдайларын анықтау, билік пен басқару органдарының, шаруашылық басшылардың криминогенді факторларды жою қажеттігі туралы дер кезінде мәлімделуін қамтамасыз ету; ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен бірге экономикалық қылмыстардың алдын алу бойынша кешенді шараларды жасап жүзеге асыру керек.

Экономикалық қылмыстардың алдын алу кезінде көптеген қиындықтар туындайды. Бұл қылмыстарды әдетте халық шаруашылығы немесе жеке кәсіпкерлік саласында белгілі-бір орны бар, өздері қатысатын әртүрлі экономикалық қатынастарды орындаумен байланысы бар қызметкерлер, сондай-ақ белгілі-бір шаруашылық механизм элементтерінің қызмет жасауына қатысы бар билік пен басқару органдарының лауазымдық тұлғалары жасайды. Басқаша айтқанда, экономикалық қылмыстылық сыбайлас жемқорлықпен, яғни қоғамдық саяси қайраткерлер мен лауазымды тұлғаларды сатып алумен және сатылатындығымен тығыз байланысты.

Жемқорланған байланыстар саласына полиция қызметкерлерінің де тартылатын кездері болады. Ішкі істер органдарына криминалды құрылымдарға «қызмет көрсететін» нақты адамдарды анықтаумен қатар, экономикалық қылмыстар механизмдері мен әдістерін айқындау және сол механизмдерді блокадалау бойынша тиісті шараларды жасау міндеті жүктеледі.

Барлық қылмыстық топтардың осал жері бұл қаржылық базасы болып табылады. Ішкі істер органдарының қолындағы тиімді құрал – қылмыстық ақшаны дер кезінде анықтау және алу болып табылады. Қылмыскерлер алдымен қаржылық базасынан, содан кейін құқыққа қайшы қызметпен белсенді айналысу мүмкіндігінен айырылады. Сондықтан қылмыстық топтар басшыларының, белсенді мүшелерінің мүлкін, олардың байланыстарын және ақшаны ресмилендіру жолдарын анықтауға көп көңіл бөлу қажет.

Соңғы уақытта жалпы алдын алу мақсатында техникалық құралдар көп қолданылуда. Өнеркәсіп оқ өтпейтін материалдарды, арнайы терезелерді, балкон есіктерін, сейфтерді, бөтен адамдардың бұзып кіруіне жол бермейтін торларды шығаруды, күңгірт айна салуды меңгеріп, оларды «Қауіпсіздік» дүкендерінде сатуда. Осыған байланысты ішкі істер органдары қылмыскерлердің техникалық қорғану құралдарын қалай еңсеретіні туралы мәлімет жинап, ол ақпаратты талдауы және өнеркәсіптерге жеткізуі тиіс. Өнеркәсіптер соған байланысты өз өніміне тиісті құрылымдық өзгерістер енгізеді. Сонымен қатар, ішкі істер органдары заң жүзінде минималды криминалдық қауіпсіздік стандарттарын жасап қабылдауға мүдделі. Құқықтық тәрбиелеу және насихаттау, халыққа қылмыстық қастандықтардан қорғану мәселелері бойынша кеңес беру, осы мәселелер бойынша арнайы оқулықтар шығару – ішкі істер органдарының жалпы профилактикалық қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады [2, б. 114].

Біздің елімізде тарихи және басқа да себептермен құқықтық тәрбие беру проблемасы шиеленісіп отыр. Заңдылықтың орнына «құқық» пен мақсатқа сәйкестілік жиі қабылданғандықтан, оның нәтижесі құқықтық бедерсіздікке және құқықтық тежелушілікке алып келді. Ішкі істер органдарының бұл проблеманы өз бетінше шеше алмайтыны анық, бұл көптеген әлеуметтік қоғам институттарына арналған мәселе. Алайда ішкі істер органдары ортақ іске өзінің қолдан келерлік үлесін қоса алады және қосуы тиіс.

Олардың бұл бағыттағы қызметінің өзгешелігі – құқықтық тәрбие берудің негізінен әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық механизмдерінің іске асырылатынында [3, б. 150]. Бұл арада жалпы алдын алу нәтижеге әсер етудің қылмыстық және әкімшілік шараларын қолдану және ол туралы халыққа тиісті ақпарат беру, сондай-ақ адамдардың құқықтық санасына оң әсер тигізу мақсатымен әртүрлі халық топтарына құқық нормаларын түсіндіру арқылы қол жеткізіледі. Мұндай қызметті ішкі істер органдарының дерлік барлық бөлімшелері, сонымен қатар тергеушілер, учаскелік полиция инспекторлары, кәмелеттік жасқа толмағандардың арасында қылмыстардың алдын алу жөніндегі бөлімшелер қызметкерлері жүзеге асырады. Бұл қызметтің мәні азаматтарды заңсыз әрекеттерді жасауға жол берілмейтіндігі туралы ескерту, оларға құқықтық нормаларды бұзудың құқықтық және

әлеуметтік салдары туралы ақпарат беру болып табылады. Аталған жұмысты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асыру өте тиімді болып табылады. Қылмыстық қастандықтардан қорғану мәселелері туралы кеңес беру, осы мәселелер бойынша арнайы оқу құралдарын шығару тәсілдері басқа мемлекеттерде виктимологиялық профилактикаға көп көңіл бөлініп жүргенімен, біздің елімізде қолданылып жүргеніне көп уақыт болған жоқ. Біздің елімізде жеке меншік детективтік және күзет ұйымдарының пайда болуын ескерсек, ішкі істер органдарының кеңес беру қызметі кеңеюде. Полицияның тұрғындармен қатынасуының кеңею беталысы бұл бағыттың келешекте дамуына жағдай жасайды.

Бұл арада лицензиялық-рұқсат беру, сондай-ақ жеке меншік детективтік және күзету қызметтерін бақылау жұмысын атқаратын бөлімшелердің атқаратын рөлі зор болуы мүмкін.

Бұл жұмыстың нақты формаларына қылмыстардың алдын алу туралы плакаттарды, жаднамаларды, буклеттерді жасау және тарату, тиісті теле- және радио бағдарламаларын көрсету жатады.

Қорыта келе басқа мемлекеттердің тәжірибесіне қарап, азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың тұрғын үйлерін, көлік құралдарын, мүлкін қорғау және т.б. туралы ұсыныстары бар арнайы түсінуі жеңіл қабылданатын оқу құралдарын шығару қажет деп ойлаймыз.

Қолданылған қайнар көздер:

1. Кондратюк Л.В., Овчинский В.С. Криминологические измерения / под ред. К.К. Горяинова. – М.: Норма, 2008.
2. Предупреждение преступлений и административных правонарушений органами внутренних дел: учебник для студентов / под ред. Кикотя В.Я., Лебедева С.Я. – М.: Юнити-Дана, 2009.
3. Алексеев А.И. Криминология: курс лекций. – 2-ое изд. – М., 2006.

Резюме

В данной статье автором на основе анализа социально-экономических условий жизни общества, норм действующего законодательства и правоприменительной практики рассмотрена система профилактики преступлений против собственности в целом и хищений чужого имущества в частности, предложены меры по совершенствованию профилактики данного явления.

Summary

In the article the author considers the system of prevention of crimes against property. Basing on the analyses of social economic conditions of society life, norms of law currently in force and legally used practice the author considers the system of property crime prevention as a whole and theft of somebody else's property in particular. Besides some improvements of preventive measures have been suggested.

М.А. Аюбаев,

*кандидат юридических наук, председатель КУИС Министерства юстиции
Республики Казахстан (г. Астана)*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВОВОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОФИЛАКТИКИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

На протяжении последних нескольких лет система предупреждения преступности в современном Казахстане развивается в качественно ином, чем прежде, правовом пространстве. Причины этого понятны, естественны и объяснимы: изменились исторические реалии, динамично развиваются все отрасли законодательства, действующая Конституция стала документом, воспринявшим общепризнанные принципы и нормы международного права. Приняты и вступили в действие новые Уголовный, Уголовно-исполнительный кодексы, Кодекс об административных правонарушениях, другие законодательные акты, имеющие основополагающее значение для правового обеспечения эффективного противодействия преступности. Возникли новые субъекты деятельности по предупреждению преступлений, во многом по-новому стали решаться вопросы ее организации, информационного и ресурсного обеспечения, тактики и методики. Все это требует осмысления и адекватной научной интерпретации с правовых позиций [1].

В общем и целом сфера деятельности, связанной с предупреждением преступлений, расширилась и продолжает расширяться. Это вызвано тем, что в уголовном законе появляются новые, ранее неизвестные составы преступлений, устанавливается ответственность за то, что прежде не было уголовно